

## Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ашудың және қаржыландырудың ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 288 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 29 желтоқсанда N 1608 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.04.14 N 93 қаулысымен

***Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.04.14 N 93 қаулысымен***

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 148 Заңы 27 бабы 1 тармағы 17) тармақшасына сәйкес, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 149 Заңы 7 бабы 5-4) тармақшасы, 18-1 бабы негізінде облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ашудың және қаржыландырудың қоса берілген Ережесі (ілгеріде - Ереже) бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Ережені іске асыру жөнінде ұйымдастыру және әдістемелік жұмыс жүргізууді қамтамасыз етсін.

***Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 237***

3. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімдіктері көрсетілген Ережені іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары  
М.К. Мұрзалинға жүктелсін.

***Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 237***

5. "Солтүстік Қазақстан облысында мүгедектер үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ашудың және қаржыландырудың ережесін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 11 шілдедегі N 177 қаулысының (2005 жылғы 28 шілдедегі тіркеу N 1593, 2005 жылғы 3 тамыздағы "Солтүстік Қазақстан" газеті, 2005 жылғы 3 тамыздағы "Северный Казахстан" газеті) күші жойылды деп танылсын.

**Облыс әкімі**

Солтүстік Қазақстан  
облысы әкімдігінің  
2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 288 қаулысымен бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік жұмыс  
орындарын ашудың және қаржыландырудың ережесі**

Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ашудың және қаржыландырудың осы ережесі (ілгеріде - Ереже) халықтың нысаналы тобындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ашудың және қаржыландырудың тәртібін анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын ашатын және ұсынатын жұмыс берушілермен есеп-айырысудың негізгі шарттары мен жүйесін реттейді.

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік жұмыс орны - жұмыс берушілердің халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін, жергілікті атқарушы органдарымен шарт негізінде ашатын, жұмыс берушілердің олардың еңбегін төлеуге жұмсаған шығындары ішінана өтелетін жұмыс орны;

2) нысаналы топтар - жұмысқа тұруға қыншылық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды талап ететін тұлғалардың топтары.

Жергілікті атқарушы органдар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тұратын нысаналы топтарды жыл сайын анықтау және оларды әлеуметтік қорғау арқылы халықты жұмыспен қамту саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, зейнетақымен қамтамсыз ету және сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері таратылады.

*Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 237*

**2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың және оларға жұмысқа орналастыру тәртібі**

3. Жұмыс берушілер халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін, осы жұмыс орындарына қабылданған жұмыскерлердің еңбекақысы жергілікті бюджет қаражаты есебінен ішінара төленетін жағдайларда әлеуметтік жұмыс орындарын ашады және (немесе) ұсынады.

4. Әлеуметтік жұмыс орны уақытша жұмыс орындарын ұсыну немесе ашу арқылы ұйымдастырылады және мынадай ерекшеліктері бар:

1) нысаналы топтар үшін арнайы тағайындалған;

2) жұмыс орындарының саны шектелмеген, жұмыс уақытша сипат алады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орындар пайдаланылмайды.

5. Нысаналы топтағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға және (немесе) ұсынуға тілек білдірген жұмыс берушілерді іріктеуді үәкілдегі орган жұмыссыздың еңбегіне мейлінше жоғары жалақы ұсынатын жұмыс берушінің айқындау мақсатында конкурстық негізде жүргізді.

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Солтүстік Қазақстан облысы Әкімдігінің 2006 жылғы 28 наурыздағы N 56 қаулысымен.*

6. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ашуды және (немесе) ұсынуды жергілікті атқарушы органдармен шарт негізінде жүзеге асырады.

7. Шартта тараптардың міндеттері, жұмыстың түрлері, көлемі, еңбегіне ақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарының мерзімі мен қаржыландыру көздері қарастырылады.

#### 8. Уәкілдегі орган:

1) халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі және олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді;

2) халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды олардың келісімімен әлеуметтік жұмыс орындарына жібереді;

3) жұмысқа жіберілген жұмыссыздар саны, жұмыс берушілер тізбесі және әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыскерлердің жалақысын төлеуге жергілікті бюджет қаражатынан аударылған өтемақылар мөлшері туралы мәліметтерді есеп беруден кейінгі айдың бесіне дейін Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ай сайын ұсынады.

*Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 12 тамыздағы N 237*

#### 3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың көздері мен шарттары

9. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері: жұмыс берушілердің және жергілікті бюджет қаражаттары болып табылады.

10. Жұмыс берушінің әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастырылған жұмыссыздың еңбегіне ақы төлеуге жұмсалған шығыстары жергілікті бюджет қаражатынан Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгілеген жалақының ең төменгі мөлшерінен елу пайыз мөлшерінде алты ай ішінде ішінара өтеледі.

11. Уәкілдегі орган жұмыссызды жұмысқа қабылдағаны туралы бұйрық үзіндісінің бекітілген көшірмесін және жұмыс уақытын есепке алу табелін

алғаннан кейін бюджеттік қаражатты жұмыс берушінің есеп шотына немесе жұмыссыздың жеке есеп шотына аударады.

12. Жұмыс беруші ай сайын қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік жұмыс орнына қабылданған жұмыссыздың еңбегіне ақы төлеуді жүзеге асырады.

#### **4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ашу мен қаржыландырудың тәртібін бақылау**

13. Мемлекеттік органдар заңнамада белгіленген тәртіппен халықтың нысаналы топтарындағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ашу мен қаржыландырудың тәртібін бақылауды жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК